



«БЕКІТЕМІН»
ШЖК «Жетісу Медиа»
МКК басшысының м.а.
М.А. Дауталинова

2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау анықтамасы

Талдықорған қаласы

2026 жылғы 08 мамыр

1. Кіріспе

Есеп 2025 жылға арналған Жетісу облысы ішкі саясат басқармасы мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын жүргізу аясында дайындалды.

Талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 7 сәуірде бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 13 сәуірден 11 мамырға дейін.

Талданатын кезең: 2025 жыл.

Уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә.: Сұлтанбек Әділет Сұлтанбекұлы - кәсіпорынның комплаенс-офицері (кәсіпорын басшысының 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 94-ЖҚ «Лауазымға тағайындау туралы» бұйрығына сәйкес).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы кәсіпорын басшысының м.а. 2026 жылғы 31 наурыздағы № 20-Н «Жетісу облысы ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығымен бекітілді.

Кәсіпорын бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, газеттерді баспа және электрондық форматта шығару, баспа-редакциялық қызмет, жазылым ұйымдастыру және интернет-ресурстарда материалдарды орналастыру саласында қызмет жүзеге асырады.

2. Талдау жүргізу әдістемесі

Талдау барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Тәуекелдерді бағалау: кәсіпорынның негізгі қызмет түрлеріне (сатып алу, редакциялық қызмет, сату, жазылым және интернетте материалдарды орналастыру) байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау және талдау.

2. Қолданыстағы бақылау шараларын бағалау: сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер мен ішкі бақылау механизмдерін талдау.

3. Негізгі қызметкерлермен сауалнама және сұхбат: кәсіпорын қызметкерлері арасында анонимді сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізу арқылы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

- кәсіпорынның ықтимал қаржылық шығындары;
- жауапкершілікке тарту негіздері;
- қаржы-шаруашылық қызметтің ашықтығының төмендеуі;
- ішкі бақылаудың қиындауы;
- мүдделер қақтығысы тәуекелі.

Ұсынымдар:

- 1.Функцияларды бөлу арқылы ішкі қаржылық бақылау жүйесін күшейту.
- 2.Ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру.
- 3.Қайта есептеулер жүргізу және есептілікті түзету қажеттілігі.

6.Кәсіпорынның даму жоспарын қалыптастыру мәселелері

Кәсіпорынның даму жоспары негізгі мақсаттарды айқындау және оның қызметін болашақта мониторингтеу, сондай-ақ ресурстарды тиімді бөлу үшін әзірленеді. Ол іс-қимылдардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді, жоспарланған көрсеткіштердің орындалуын бақылауға мүмкіндік береді, сондай-ақ экономикалық және басқарушылық тәуекелдерді ескеруге мүмкіндік береді.

Жоспар аясында бюджет қалыптастыру және кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау жөніндегі іс-шаралар қарастырылады.

Ағымдағы жағдай мен өткен жылдардың нәтижелерін талдаудың болмауы жоспарлаудың формалды сипатына әкеледі және оның басқарушылық маңызын төмендетеді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 18 бұйрығымен бекітілген «Бақыланатын мемлекеттік кәсіпорындар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарын әзірлеу, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларының, сондай-ақ оларды орындау жөніндегі түсіндірмелердің» 13-тармағына сәйкес түсіндірме жазба жоспарланатын бес жылдық кезеңге арналған көрсеткіштердің негіздемесін, сондай-ақ даму жоспарының әрбір қосымшасына негіздемелер мен түсіндірмелерді, яғни есептеулер мен олардың мәнін айқындаған себептерді қамтуы тиіс.

Жүргізілген зерделеу түсіндірме жазбаның тиісті негіздемелерсіз тек жоспарлы көрсеткіштерді қайталаумен шектелетінін көрсетті, өйткені онда көрсетілген көрсеткіштерді айқындаған факторлар, есептеулер мен себептерге талдау жоқ.

Тәуекелдер.

Көрсеткіштердің негіздемесінің болмауы бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға, мақсатты көрсеткіштердің орындалмауына, сондай-ақ қаржылық және операциялық тәуекелдердің өсуіне әкеледі. Сонымен қатар, кәсіпорындағы ішкі бақылау сапасы төмендейді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері артады.

Ұсынымдар.

Жоспарлау сапасын және даму жоспарының тиімділігін арттыру мақсатында:

- 1.Даму жоспарын есепті кезеңдердегі нақты көрсеткіштерді, оның ішінде қаржылық, операциялық және кадрлық деректерді талдау негізінде әзірлеуді қамтамасыз ету.

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің талаптарын сақтау міндеттемесі;
-көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда жұмыс берушінің тәртіптік шаралар қолдану құқығы.

Атап айтқанда, бұл сәйкессіздік Өңірлік коммуникациялар қызметінің [REDACTED] жасалған [REDACTED] ж. № [REDACTED] еңбек шартында анықталды.

Тәуекел: құқықтық және комплаенс тәуекелі (ISO 37001 талаптарына сәйкес келмеу).

Ұсынымдар:

-еңбек шартының үлгілік нысанына сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау міндеттемесін енгізу;
-бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілік нормаларын қарастыру;
-бұрын жасалған еңбек шарттарына қосымша келісімдер рәсімдеу.

Кәсіпорын жарғысының талаптарын сақтамау анықталды, атап айтқанда мүлікті ([REDACTED]) сенімгерлік басқаруға беру кезінде құрылтайшының (уәкілетті органның) алдын ала жазбаша келісін алу міндеті орындалмаған.

Мүлікті беру ([REDACTED] шарттар бойынша) белгіленген келісу рәсмін сақтамай жүзеге асырылған.

Тәуекелдер:

-мәмілені жарамсыз деп тану тәуекелі;
-берілген мүлікті қайтару және залалдарды өндіру тәуекелі;
-кәсіпорынның қаржылық шығындары;
-беделдік тәуекелдер.

Ұсынымдар:

-жарғы талаптарын қатаң сақтау;
-мүлікті тек құрылтайшының жазбаша келісімі болған жағдайда беру;
-мәмілелерді бақылау және құқықтық сараптау рәсімдерін күшейту.

5.Ішкі қаржылық рәсімдердің бұзылуы

Кәсіпорынның бухгалтерлік қызметінің қызметін мониторингтеу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық және қаржылық тәуекелдердің туындауына ықпал ететін ішкі қаржылық рәсімдердің бұзылуы анықталды.

2025 жылы Кәсіпорынның [REDACTED] қызметкеріне жалпы сомасы [REDACTED] теңге ([REDACTED]) мөлшерінде жалақыны қате есептеу және төлеу фактілері анықталды. Сонымен қатар, қызметкерлердің біріне жалақы [REDACTED] есептеліп төленген (тізім қоса беріледі).

«Jetisy» газетінің қызметкері [REDACTED] қатысты [REDACTED] бойынша жарналардың уақтылы аударылмауы анықталды, бұл қызметкердің [REDACTED] алу құқығын шектейді.

Тәуекелдер:

-жеке табыс салығы мен міндетті әлеуметтік төлемдерді есептеу базасының бұрмалануы;
-салық берешегінің немесе негізсіз артық төлемнің қалыптасу тәуекелі;

4.Құжаттаманы талдау: кәсіпорынның есептілігі мен ішкі құжаттарын тексеру, оның ішінде сатып алулар, жазылым және газеттерді бөлшек сату бойынша деректер.

3. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

3.1. Персоналды басқару

Талдау аясында кәсіпорындағы кадрлық есеп және іс жүргізу мәселелері қаралды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша штат саны:

әкімшілік-басқару персоналы - ■ адам;

«Jetisú» газеті - ■ адам;

«Вестник Жетісу» газеті - ■ адам;

Өңірлік коммуникациялар қызметі - ■ адам.

2025 жыл ішінде:

жұмысқа қабылданған - ■ қызметкер;

жұмыстан босатылған - ■ қызметкер (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабы 5) тармақшасына сәйкес: қызметкердің бастамасы бойынша - ■, тараптардың келісімі бойынша - ■).

Кадрлардың ауысу коэффициенті ■ %, тұрақтылық коэффициенті - ■ % құрады. Жұмыстан босатулардың басым бөлігі өзара келісім негізінде жүзеге асырылған, бұл кадрлық процестердің бақылауда екенін көрсетеді.

Туыстардың бірлескен еңбек қызметі:

Туған апалы-сіңлілер:

■ - «Вестник Жетісу» газетінің дизайнер-верстальщикі;

■ - «Вестник Жетісу» газетінің корректорі.

Жұбайлар:

■ - «Jetisú» газетінің корректорі (жұбайы);
■ - «Jetisú» газетінің редакция қызметкері (жұбайы).

Ұсынымдар:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағына сәйкес көрсетілген тұлғалар жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын немесе оларға теңестірілген тұлғаларға жатпайды, осыған байланысты олардың бірлескен еңбек қызметіне шектеулер жоқ.

Кәсіпорын қызметін ұйымдастыру қызметкерлердің міндеттерін нақты бөлуді көздейді, бұл әрбір қызметкердің жауапкершілік шегін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Ішкі нормативтік құжаттарды талдау

Оң аспектілер: ішкі құжаттар жалпы алғанда қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келеді.

Анықталған кемшіліктер: кейбір қызметкерлердің еңбек шарттарында келесі ережелер қарастырылмаған:

2.«Жоспар – факт» қағидаты бойынша ауытқуларды талдай отырып, жоспардың орындалуын тұрақты бақылау жүйесін енгізу.

3.Қағидаларда көзделген тәртіппен даму жоспарын жартыжылдық нақтылау кезінде нақты деректерді талдау негізінде қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептерін түзету.

7.Ішкі бақылаудың ағымдағы шараларын бағалау

Күшті жақтары: редакциялық бақылау, материалдарды орналастыруды бақылау.

Жақсартуды қажет ететін бағыттар:

- қызметті тұрақты мониторингтеу;
- жоспарлау кезінде бақылауды күшейту;
- жазылым мен сатылымды мониторингтеу.

8.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті мониторингтеу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалау үшін тұрақты (жылына кемінде бір рет) ішкі аудиттер жүргізу ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша оқытуды жаңарту және қаржы-шаруашылық саласының мамандарының біліктілігін арттыру.

9.Қорытынды

Ұсынылған шараларды іске асыру кәсіпорын қызметінің ашықтығын арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Талдау жүргізуге жауапты:
комплаенс-офицер

Жұмыс тобының мүшелері:



А.С. Сұлтанбек



Р.Ж.Канапьянов

Р.Т.Турганбаев



А.Т. Бектимбекова